

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Басқармасының шешімімен  
**б е к і т і л г е н**

(2025 жылғы 06 ақпандағы  
№ 12 отырыстың хаттамасы)

2025 жылғы 14 ақпаннан бастап  
**қолданысқа енгізілген**

## Қор нарығындағы сауда-саттық режимдері мен операциялар туралы **ҚАҒИДА**

Осы Қағида "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың (бұдан әрі – Биржа) биржалық қызметін жүргізудің жалпы шарттарын реттейтін ішкі құжатына сәйкес әзірленген және сатып алу-сату мәмілелері жасалуы және репо операциялары, ақшадағы немесе қаржы құралдарындағы қамтамасыз етуді аудару операциялары, сондай-ақ есеп айырысуға аудару операциялары жүргізілуі мүмкін қор нарығындағы сауда-саттық режимдері мен операцияларының тізбесін белгілейді.

1. Осы Қағидада Биржаның биржалық қызметін реттейтін ішкі құжатында және Биржаның басқа ішкі құжаттарында айқындалған негізгі ұғымдар қолданылған.
2. Түріне байланысты қаржы құралдары қаржы құралдары топтарына бөлінеді. Қаржы құралдарының әрбір тобы үшін осы Қағиданың қосымшасына сәйкес осындай құралдармен мәміле жасауға болатын сауда-саттық режимдері белгіленген.
3. ASTS+ (қоры нарығы) сауда-клиринг жүйесінде сауда-саттықтың мынадай түрлері қарастырылған:
  - 1) орталық контрагенттің (бұдан әрі – ОК) қатысуымен жасалатын сауда-саттық режимі, ОК-нің қатысуымен қаржы құралдарын сатып алу-сату мәмілелерін жасау және репо операцияларын жүргізу үшін қолданылады;
  - 2) ОК қатыспай жасалатын сауда-саттық режимі, ОК қатысуынсыз қаржы құралдарын сатып алу-сату мәмілелерін жасау және репо операцияларын жүргізу үшін қолданылады;
  - 3) мәміле жасасу үшін қамтамасыз етуді қалыптастыру мақсатында қамтамасыз етуді ақшамен немесе қаржы құралдарымен аудару немесе сауда-клиринг шоттарына ақшамен немесе қаржы құралдарымен қамтамасыз ету лимиттерін белгілеу үшін пайдаланылатын қамтамасыз етуді аудару жөніндегі операциялар;
  - 4) активтерді мақсатына сай орналастыруды бақылау функцияларын, сондай-ақ бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы клиентінің мүддесінде ОК-мен сауда-саттық режимінде жасалған мәміле бойынша талаптар мен міндеттемелерді орындауды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын есеп айырысуға аудару аудару бойынша операциялар.
4. Осы Қағидаға уақытылы өзгеріс және/немесе толықтыру енгізу (өзекті ету) үшін жауапкершілік сауда-саттық бөлімшесіне жүктеледі.
5. Осы Қағида қажеттілігіне қарай қайта қаралуға тиіс. Осы Қағида өзі қолданысқа енгізілген күннен бастап, ал оны өзекті еткен жағдайда – соңғы өзгеріс/толықтыру енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір 36 айда кемінде бір рет өзекті ету қажеттілігіне қайта қаралуға тиіс.

Басқарма төрайымы

Алдамберген А. Ө.